

**Бастауыш сыныптардың директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тажибаева**

**Перизат Еріккызының**

**2022-2023 оқу жылының I тоқсан бойынша тәрбие жұмысының есебі**

2022-2023 оқу жылын бастауыш сыныптар 13 сыныппен бастады. Оның ішінде қазақ сыныптары - 8, орыс сыныптары - 5.

Жыл басында үйірме жұмыстарына байланысты ата-аналарға сауалнамалар жіберіліп, үйірме кестесі құрылдып, окушылардың қатынасуын қадағалау жұмысы жүргізілді.

Оқу жылдарында барлық окушылар 100 % мектеп оқулықтарымен және мектеп формасымен қамтамасыз етілді. Ата- аналармен 2022- 2023 оқу жылдарын басталуына байланысты жиналыс жүргізіліп, сыныптардың ата- аналар комитеті сайланды.

Бірінші қыркүйек білім күніне орай «Сәлем, саған мектебім» салтанатты жиыны және «Терен білім, еңбеккорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өткізілді.

Қыркүйек айында отбасы күніне орай 1-2-сынып және 3-4-сынып ата-аналары арасында «Толагай» отбасылық-эстафеталық сайысы өткізілді. Жеңімпаздар:

1-2-сыныптар арасы 1-орын 1«Б» сыныбы, 2- орын 1«С» сыныбы, 3-орын 2«А» сыныбы  
3-4-сыныптар арасы 1-орын 4«А» сыныбы, 2- орын 3«С» сыныбы, 3-орын 3«Б» сыныбы

Сонымен катар осы ай Үйнімақтастық құндылығы алға қойылып, сыныпта түрлі шаралар, тәрбие сағаттары өткізілді

Ұстаздар күніне орай 1-11-сынып окушыларының ұйымдастыруымен ұстаздарымызға мерекелік концерт өткізілді.

**Қазан айы құрмет құндылығымен жалғасып, сынып тәрбие сағаттары, сыныпшілік іс-шаралар етті. Әр аптаға іс-шаралар жоспарланып, іс-шаралардың іске асусы қадағаланды.**

**Құрмет айына байланысты өткізілген іс-шаралар:**

- Окушылар ата-аналарына құрмет хатын жазды;
- Мектеп қызметкерлеріне арналған «Құрмет» аптасы;
- Бастауыш сынып кураторлары әр оқушысына жеке құрмет хатын жазды.

Және мектебімізде қазан айының 9-ы күні волейбол, шахмат, үстел теннисінен мектепшілік ата-аналар “Достық” спартакиадасы өткізілді.

1-11-сынып ата-аналары белсене қатысқан “Достық” спартакиадасында бастауыш сыныптар нәтижесі төмендегідей:

- Волейбол жарысы

3-орын 2”С” сыныбы

- Теннис жарысы

Әкелеріміз:

2 орын: Әтепов Азамат 1 “Б”

3 орын: Шанас Фариддин 3 “Б”

Аналарымыз:

1- орын: Ешенқулова Роза 1 “Б”

2- орын: Жолдасова Жазира 2 “С”

3- орын: Куралбаева Галия 3 “А”

- Шахмат жарысы  
2- орын Назаров Мансур 4 “А”

I тоқсанды бастауыш сыныптардың кураторлары толық Qundylyq Academy курсынан өтіп, сертификат алды. Тоқсандық күзгі каникул уақытында кураторларды кәсіби жетілдіру мақсатында семинарлар, өзара тәжірибе алмасулар және кітап оқу уакыттары ұйымдастырылып жатыр.

Бастауыш сыныптардың ДТІЖО



Тажибаева П.Е.

**Бастауыш сыныптардың директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тажибаева  
Перизат Ерікқызының  
2022-2023 оку жылының II тоқсан бойынша тәрбие жұмысының есебі**

2022-2023 оку жылында 2-тоқсан 7-қараша күні басталды. II тоқсанды бастауыш сыныптар 204 окушымен бастады.

Мектебімізде қараша айы кемелдену құндылығымен жалғасты. Ай басында мектеп ұжымына «Кемелдену» құндылығы таныстырылды.

Кемелдену айында бастауыш сыныптарда «Оқырман ұрпак» кітап оку акциясы өткізілді.

Оқушылар құнделікті 15 минут кітап оқып, кітап оку дағдысын қалыптастыруды.

Сонымен қатар, қараша айында «Арайлы алтын күз» іс-шарасы өткізілді. Оқушылар күз тақырыбына байланысты қолөнер бүйімдарын жасап, дефиле көрсетті. Іс-шараға белсене қатысқан оқушылар маралатталды.

Қараша айының 21-25 күндері психология алтالығы өтті. Алталақ барысында сыйып деңгейіне қарай әртүрлі іс-шаралар өткізілді.

**Желтоқсан** айында патриотизм құндылығы аясында іс-шаралар өткізілді. Ай басында мектеп ұжымына «Кемелдену» құндылығы таныстырылды.

1-2 – сыйыптар арасында «Тәуелсіздікке тарту» патриоттық әндерден флешмоб сайысы өткізілді. Сайыс соңында барлық сыйыптар номинациялармен маралатталды.

3-4-сыйыптар арасында «Тәуелсіздікке тарту» шығармашылық сайысы өткізілді. Өз туындыларын жасаған оқушылар сертификаттармен маралатталды.

15-желтоқсан күні Тәуелсіздіктің 31 жылдығына орай «Тәуелсіздік туы желбіре» атты мерекелік концерті өтті. 1-11-сыйып оқушылары және би, домбыра, гитара үйрмелерінің қатысушылары өз өнерлерін көрсетті.

Желтоқсан айының 10-ы күні ата-ана-мұғалім кездесуі өтті. Ата-аналар өз баласының сабак улгерімі, тәртібі жайлы мұғалімдермен жеке кездесіп, ақпарат алды.

Және 24-желтоқсан күні бастауыш сыйып ата-аналары арасында «BRAIN RAIN» интеллектуалдық ойыны өткізілді. Жалпы 6 команда қатысЫП, 1 «с» -сыйыбының ата-аналары женімпаз атанды.

26-30-желтоқсан аралығы 1-сыйыптардың Әліппемен қоштасу кеші және бастауыш сыйыптардың Жаңа жыл кеші өткізілді.

Тоқсандық қысқы каникул уақытында кураторларды кәсіби жетілдіру мақсатында 4-6-қантар аралығы Астана қаласына семинарға шақырылды.

Бастауыш сыйыптардың ДТІЖО



Тажибаева П.Е.

**Бастауыш сыныптардың директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тажибаева**

**Перизат Ерікқызының**

**2022-2023 оку жылының III тоқсан бойынша тәрбие жұмысының есебі**

2022-2023 оку жылында 3-тоқсан 9 қантар күні басталды. III тоқсанды бастауыш сыныптар 205 окушымен бастады.

Қысқы каникул уақытында бастауыш сынып кураторлары 4-6 қантар аралығы Астана қаласында Жас мамандар семинарына қатысып, тәжірибе жинап келді.

**Қантар** айы адалдық құндылығымен басталды. Ай басында мектеп ұжымына «Адалдық» құндылығы таныстырылды.

Адалдық айында бастауыш сыныптарда адалдық тақырыбына байланысты тәрбие сағаттары өткізіліп, сыныпшілік іс-шаралар жасалды.

«Адалдық- ар жолы», «Досыма мен адамын», «Өтірік өрге баспас» тақырыптарында ата-аналар мен кураторлардың бас қосуымен сынып сағаттары өткізілді.

Қантар айында бастауыш сынып ата-аналар комитетінің жиналысы өткізілді, I жарты жылдық бойынша ата-аналар комитетіне есеп беріліп, алдағы маңызды іс-шаралар талқыланды.

**Ақпан** айы жауапкершілік құндылығымен жалғасты. Ай басында мектеп ұжымына «Жауапкершілік» құндылығы таныстырылды.

Жауапкершілік құндылығына сәйкес тәрбие сағаттары өткізіліп, барлық бастауыш сыныптары ұзак мерзімді іс-шара өткізді.

Ақпан айында мектебімізде кураторлар күні атальп өтті. Бастауыш сынып жетекшілерімен бірлесе отырып, концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.

**Наурыз** айында Ұлттық құндылықтар аясында іс- шаралар өткізіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сыныптарда тәрбие сағаттары өткізіліп, ата-аналар қатысуымен ұлттық құндылықтарымыз, салт-дәстүр, тағамдарымыз таныстырылды.

1 Наурыз – Алғыс айту күнінде окушылар өз алғыстарын ұстаздарға, мектеп қызметкерлеріне білдірді.

8 Наурыз - Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай мектепшілік 1-11-сынып аналарына арналған «Ана-көктем» мерекелік концерттік бағдарламасы өткізілді және әр сынып аналарына арнап мерекелік бағдарламалар ұйымдастырды.

14 Наурыз – Көрісу күніне орай окушыларға ұлттық тағамдар беріліп, ұлттық ойындар ойнатылды.

Бастауыш сыныптардың ДТІЖО



Тажибаева П.Е.

**Бастауыш сыныптардың директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тажибаева  
Перизат Ерікқызының  
2022-2023 оқу жылының IV тоқсан бойынша тәрбие жұмысының есебі**

2022-2023 оқу жылында 4-тоқсан 27 наурыз күні басталды. IV тоқсанды бастауыш сыныптар 205 окушымен бастады.

Көктемгі каникул уақытында бастауыш сынып кураторларымен тәрбие папкалары толықтырылып, ұжымға ұлттық құндылықтар айна орай фильм ұйымдастырылды.

4-тоқсанның алғашқы аптасы, **наурыз** айының соңғы аптасы, ұлттық құндылықтар айы тәмамдалды.

**Сәуір** айы «Тазалық» құндылығымен басталды. Ай басында мектеп ұжымына «Тазалық» құндылығы таныстырылды.

Тазалық айында бастауыш сыныптарда тазалық тақырыбына байланысты тәрбие сағаттары өткізіліп, сыныпшілік іс-шаралар жасалды.

«Тазалық – саулық негізі», «Тазалық – денсаулық кепілі», «Тазалықтан тән де, жсан да жасарады», «Тән тазалығы сыйайылықтың, жсан тазалығы әсемдіктің белгісі» тақырыптарында ата-аналар мен кураторлардың бас қосуымен сынып сағаттары өткізілді.

Және тазалық айына орай бастауыш сыныптар арасында «Ең таза сынып» тазалық челленджі ұйымдастырылды. Челлендждің мақсаты оқушыларды тазалыққа баулу және сыныпты, шкафты таза ұстауға үрету болды.

Сәуір айында 1 мамыр – Қазакстан халықтарының бірлігі күніне орай бастауыш сыныптар арасында «Қазақстан – достық пен татулық мекені» фестивалі өткізілді.

Оқу жылының соңғы айы – **мамыр** айы батылдық құндылығымен жалғасты. Ай басында мектеп ұжымына «Батылдық» құндылығы таныстырылды.

Батылдық құндылығына сәйкес «Батылдық – батырлықтың сауыты», «Батылдық бар әр істің бастауында», «Батыл болсаң, батыр боласың», «Батылдық – бақыттың жартысы» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізіліп, барлық бастауыш сыныптары ұзақ мерзімді іс-шара өткізді.

Бастауыш сыныптар психологи Рапихова Н. оқушыларға батылдық тақырыбы аясында тренинг өткізді. Және әр сынып әкелерге арналған бағдарламалар ұйымдастырылды.

Мамыр айында 4-сынып оқушыларының бастауышпен қоштасу кеші өткізіліп, ата-аналар мен пән мұғалімдері шакырылды.

22-27 мамыр аралығында үйрмелер апталығы өткізіліп, ата-аналар шақырылды.

Жазғы лагерь бойынша бастауыш сынып кураторларымен жиналыштар жасалып, жоспарлар талқыланды. Ата-аналарға хабарландыру жасалып, тіркелу-таныстыру жұмыстары жүргізілді. Оқу жылының соңын соңғы қоңыраумен аяқтадық. Бастауыш сынып оқушылары өз өнерлерін ортага салып, көрермен қошметіне бөленді.

Бастауыш сыныптардың ДТІЖО



Тажибаева П.Е.